

G00064 26.10.2021 ж

Қазақ тілі сабағында оқушылардың тілін дамыту

МЕЙІРМАН ӘЛИЯ МАШЫРЫҚҚЫЗЫ

*Ақтөбе қаласы «Благодар орта мектебі» КММ,
басқа ұлт мектебіндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табылдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие және білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындау педагогика тәжірибесінің көкейкесті мәселелерінің бірі болып отырғаны анық.

Республикамыздың егемендік алып, тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болуы ұлттық мәдениетіміздің жан-жақты өркендеуіне негіз болды. Мемлекеттік тіл-халықтың барлық мұқтажын, өнер, мәдениет, дипломатиялық қарым-қатынас, ғылым, өндіріс, шаруашылық, ресми іс-қағаздарды т.б. салаларға дейін қызмет ететін қоғамның қуатты қолданыс құралына айналуы қажет. Оқушылардың тәрбиесі сен білім деңгейінің жоғарғы болуы, сауаттылығы, қазақ тілін меңгеру, түсініп оқуы мен қатесіз жазуына байланысты екендігін көрсетеді.

Тіл тағдырын жетілдіру көп ретте мектепте атқарылатын жұмыс деңгейіне байланысты. Өйткені, өскелең ұрпақтың балған санасына бай тіліміздің нәрін сіндіріп, көкірегіне ұялатуға әр пән мұғалімі ауқымды істер атқаруы тиіс.

Бірақ, оқушының тілін қалыптастыру үшін, мұғалімнің өзі бір құзырлыққа жету керек. Сол оқушы санасына, қазақ тілі ертеңгі күні үлкен өмірге араласқанда оның қоғамдағы қызметіне көмегін тигізетін, жұмысында, күнделікті өмірінде қажетіне жарайтыны туралы ұғым қалыптастыру керек.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушының тілін дамытып, сөз байлығын арттыру ең маңызды жұмыстардың бірі. Оқу орыс тілінде жүретін сыныптарында оқушылар қазақ тілін оқу барысында мұғалімнің қойған сұрақтарына түсініп, оған жауап қайтаруға, үйренген сөздерін бұзбай айтуға, әсіресе, құрамында қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолданып, сөйлемді жүйелі түрді, «оңайдан қиынға принципін» басшылыққа ала отырып күнтізбегін жоспар қажет деп ойлаймын. Содан кейін жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың тілін дамыту үшін әр түрлі тәсілдер арқылы жұмыс жүргізу. Осы мақсатта оқытушы әр түрлі оқыту әдіс-тәсілдерін пайдаланып, тіл дамыту жаттығуларын, ойын элементтерін және тақырыпқа сәйкес көрнекіліктер қолданады. Басты назар аударатынымыз оқу, сөйлеу, талдау, жазу жұмыстарына мұқият көңіл бөлу.

Тіл дамыту жұмысы – күрделі де шығармашылық процесс. Тіл байлығының мол болуы бір жағынан балада жаңа құбылыс, көрініс, ұғымдар

мен түсініктердің көбеюіне, ал екінші жағынан, тілді жан-жақты меңгеруіне байланысты. Тілдің жақсы дамуының құралы тілдік қор болып табылады.

Тіл дамытудың негізгі көрсеткіштері:

2. Өз ойын жүйелі түрде еркін жеткізе білу;
3. Байланысты сөйлей білу;
4. Мазмұндылығы, анықтығы, мәнерлігі;
5. Грамматикалық, орфографиялық қатесіздігі.

Тіл дамытудың негізгі көршеткіштерін жүзеге асыру үшін, оқудың алғашқы аптасында мына мәселелерді анықтап алдым:

- Сыныптағы әрбір баланың жалпы сөздік қоры;
- Сөздің дыбыстық жағын меңгеру дәрежесі;
- Байланыстырып сөйлеу дәрежесі.

Сөзді, сөйлемді, сөз тіркестерін тақтада, кітаптан, дәптерден дұрыс оқыта білу-қазақ тілін меңгертіп, сөздік қорларын молайтуға септігін тигізеді. Мәтінді оқыту негізінде көптеген факторларды ескеру қажет.

1. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға қалыптастыру.
2. Сөйлемді дұрыс құрай білуге жаттықтыру.
3. Байланыстырып сөйлеуді үйрету.
4. Еркін оқуға үйрету.

Сөйлеу және оқуды меңгерген соң, жазу тілі қалыптастырылады. Сөз- тілдің негізгі өлшемі. Тіл дамытудың басқа түрлері сияқты сөздік жұмысы оқу-тәрбие жұмысының барлық саласында жүргізіледі. Балалар сөзді ұғу арқылы сөйлеу үстінде тілін дамытады. Сөздік жұмысы оқушысын ойын дамытумен тығыз байланысты.

Тіл дамыту жұмыстарында жаңа сөзіндік сөздермен жұмыс ерекше орын алады.

1. Тақырыпқа байланысты сөйлем құрастыру.
2. Сурет бойынша әр түрлі мәтін құрастыру.
3. Жаттығу жұмыстарын жазу, кешендік талдау жасау.

Осыдан соң жазба жұмыстарын алуға болады.

1. Сөздік диктант
2. Мазмұндама
3. Шығарма, шағын әңгімелер
4. Тест жұмыстары

Жазу арқылы жүйелі сөйлеуді, сөйлеу стилін үйрету және ауызекі сөйлеуге жұмыс жасатуға болады. Ауызекі сөйлеу әдісінің бірі-диалог арқылы дамыту. Диалог құру белгілі бір тақырыпта оқуға байланысты оқушының сөздік қорын дамыту, жаңа сөздер үйретіп, мағынасын ұқтыра отырып, оларды жасайтын формаларды меңгертіп, сөйлем құрауға үйрету, сөз бен сөзді байланыстыруға, ауызша ойларын жүйелі айтуға, әңгімелеуге жаттықтыру керек. Сонда оқушы диалог құру кезінде сауатты сөйлеуге, қазақ тілінің грамматикасын ескере отырып диалог дұрыс құруға тырысады. Бұл оқушының тілін дамытады.

Жоғарыда аталған жұмыстарды әр сынып бағдарламасына сәйкес өзгерісіне енуі мүмкін. Себебі, бірінші сынып бағдарламасы, өзге сыныптар бағдарламасының бастамасы ретінде құралған. Оқушының сөйлегенде асығып-аптықпай немесе тым жайбарақаттыққа салынбай, байсалды сөйлеп үйрену, өзін дұрыс ұстау мәдениетіне де жаттықтыру жұмыстарын жүргіземін. Сонымен қатар әңгімелеу барысында сұрақ қоя білу, өзіне қойылған сұраққа тиянақты жауап қайтара алуға дағдыландыруға да көңіл бөліп отырамын. Оқушыларға көпшілік алдында сөйлей білуге үйрету қажет. Сынып алдында тыңдаушыларға қарап ойын асықпай-саспай, қысылмай айтып беру шеберлігіне үйрету де тілдерін жетілдіріп, ой ұшқырлығын дамытады, көпшілік алдында өзін ұстай алуға дағдыланатынына көзім жетті. Бірақ төмендегі кестені барлық оқушылар білімін жетілдіру үшін және осы сызбаны жүйелі қолдана отырып, оқушының тілін дамытуға ықпал етеді деп ойлаймын.

- өлең шығару
- кесте толтыру
- сурет бойынша мәтін құрау
- салыстыру
сұраққа жауап беру
- талдау шығармашылық жұмыс
- мәтінмен жұмыс
- жазбаша, ауызша

Оқушылардың тілін дамыту және сауаттылығын арттыру жұмысы Енді бір айта кететін жайт, қазіргі заман талабына сай жаңа технологиялардың оқушылар тілінің дамуына және жүйелі сөйлеуіне тигізетін әсері мол. Менің өз ойымша СТО проектісі оқушының өз бетімен жұмыс жасай отырып, тілін дамуға мол ықпал етеді. Бұл проектті қолдану барысында, өтілген материалды жақсы меңгеруге, оны көзқарасын айта білуге, ойлау қабілетін мен қиялын арттыруға, жалпы оқушының шығармашылықпен жұмыс жасауына септігін тигізеді. Сонымен қатар сабаққа деген ынтасын, қызығушылығын арттырады және оқушылардың бірінен-бірі қалғысы келмей тапсырмаларды орындап, нашар оқитын оқушылар жақсы оқитын оқушы дәрежесіне көтерілуіне мүмкіндік жасайды.

Жоғарғыда аталған әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, мұғалім өз жұмысына талдау жасап, қызметіндегі артықшылықтары мен кемшіліктерін көре алады. Өзіне –өзі сын көзбен қарап отырып, кемшілік болса түзеп, артықшылықтарымен өз әріптестерімен бөлісе алады, олай ету әр маман үшін өте тиімді.

Қорыта айтқанда, қазақ тілін үйрену жұмыстарын орындау дұрыс жолға қойылған жағдайда ғана, тіл үйрену сабақтарының мақсаты шешіледі сөзсіз.

G00065 26.10.2021 ж

**Тарих сабағында оқытудың жаңа
технологияларын тиімді пайдалану жолдары**

БИСЕНГАЛИЕВА АЛИНА БИСЕНГАЛИЕВНА

Ақтөбе қаласы, "Благодар орта мектебі" КММ,

Тарих пәнінің мұғалімі

Елбасымыздың «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Жолдауының негізгі тірегі - әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру болып табылады. Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу, тәуелсіз еліміздің болашағы жастардың білім алуына ерекше көңіл бөлді.

ҚР «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтардың, ғылым мен практика жетістіктерінің негізінде жеке адамды қалыптастыруға дамытуға және оның кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған білім алуға қажетті жағдайлар жасау» деп көрсетілген. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағымы күшейген заманда ақыл – ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мектептің басты міндеті болып табылады. Ол бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару мұғалімнің қажымас ізденпаздығы мен шығармашылығының жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет.

Тарих ғылым және пән ретінде білімнің аса маңызды саласына жатады. Өйткені ол бүкіл адамзаттың тарихын, жүріп өткен жолын, жинаған тәжірибесін баяндайды. Тарихты білу әрбір адамға қажет әрі пайдалы. Сонда ғана адам өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы орнын, істейтін қызметін дұрыс анықтайды, келешегін де болжай алады. Белгілі ойшылдардың, ғұлама ғалымдардың тарихтың маңызы туралы айтпағандары кем де кем. Әбу – насыр әл-Фараби: «Тарихты білмей - өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын» - десе, Н.М.Карамзин: «Тарих - әрбір ұлттың болжау қиын» - десе, Н.М.Карамзин: «Тарих - әрбір ұлттың ең басты кітабы» - дейді. Тарих сабағының неғұрлым тиімді жаңа түрлерін пайдалану оқушы белсенділігін арттыруда зор маңызды. Оқытудың жаңа технологиялары:

- **В.Ф.Шаталовтың технологиясының басты мақсаттары:**
- Оқушының білім беру дағдысын қалыптастыру;
- Оқушылардың барлығын оқыту;
- Жеделдете оқыту;

Принциптері:

1. Үздіксіз қайталау, міндетті кезеңдік бақылау, ірі блоктар бойынша оқыту, тірек сигналдарын пайдалану;
2. Жекелей әрекет жасау;
3. Ізгіліктік (барлық балалар дарынды);
4. Мәжбүрсіз оқыту;
5. Түзетуге, өсуге, жетістікке жетелеу, жетістігін жариялау, шиеленіссіз оқыту;

Мазмұндық ерекшеліктері:

1. Оқу материалы ірілендіріп беріледі;
2. Блоктық түрде беріледі;
3. Оқу материалы тірек үлгі – конспекті түрінде беріледі;

Тәрбиелік мәні:

- a. Еңбекке қатыстырылады;
- b. Еңбек сүйгіштікке тәрбиеленеді;
- c. Оқушының еркі дамытылады;
- d. Өзіндік танымдылығы, жауапкершілік, адалдық, жолдастық, қасиеттері қалыптасады.

Әдістеме ерекшелігі:

Теориялық блогі – Бағыттылық негізі (БН) – ақпаратқа кіріспе (түсіндіру) – айту – үйде өзіндік жұмыс орындау, I-қайталау (тірек сигналы конспектісін жаппай

қабылдау), II-қайталау (түсінгенін сұрау),

III – қайталау (өзара бақылау)

Тәжірибе блогі – тәжірибелік жұмыс (жаттығу) – есеп шығару (жаттығу) – қорытынды: оқушылар білім беру дағдыларын және ойлау қызметінің әдісін жүйелі қолдану.

1. Ж.А.Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» білім беру технологиясы – нәтижеге бағытталған білім беру құралы.

Деңгейге бөліп оқытудың тиімділігі: біріншіден, оқушының психологиялық танымы, екіншіден, теориялық дайындығы есепке алынуы тиіс. Деңгейлік тапсырмалар арқылы мұғалім оқушының нені меңгергенін, нені меңгермегенін біледі. Соның нәтижесінде оқушыда намыс оты оянады, басқалардан қалып қалмауға тырысады. Бұл технология біріншіден, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға көмектеседі, өйткені ол оқушының ойлау қабілетін, ынтасын, белсенділігін көтереді. Әр оқушының оқушылық деңгейде білім алуына мүмкіндік береді. «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» педагогикалық

технологиясы оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға бағытталған.

«Үш өлшемді әдістемелік жүйе» білім беру технологиясының мақсаты:

• Мектеп бітірушінің барынша көп білуі емес, оның өзіне қажетті білімді өзі білуі;

• Тиімді шешімді табуға үйренуі;

• Оқу, кәсіптік, тұрмыс мәселесін кез – келген жағдайда шешуі;

• Ішкі өзіндік қажеттілігін қанағаттандыратын;

• Әлемдік білім кеңістігінде көріне алатын;

• Шығармашыл іс - әрекет жасай алатын жеке тұлға қалыптастыру.

«Үш өлшемді әдістемелік жүйе» білім беру технологиясының ерекшелігі:

Оқушы

білімі анық бағаланады. Белсенділігі артады. Ой еңбегі жетіледі. Белгілі бір нәтижеге жеткенін іштей сезеді. Өзіне - өзі деген сенімділігі артады. Өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға тәрибелейді. Шығармашылық деңгейге дейін жетуге ұмталады, қызығушылығы артады. Зер сала қарасақ, оқушының білімді қабылдау деңгейі сыни баға беруге дейін көтеріледі. Технологияның тиімділігі мен ерекшелігі де осында.

«Үш өлшемді әдістемелік жүйе» білім беру технологиясы бойынша «Ғылыми мен білімнің дамуы» тақырыбындағы сабақта деңгейлік тапсырма – сұрақтар беру арқылы сабақты қорытындылады.

Бірінші деңгейлік тапсырма – сұрақтар:

• Әбу Насыр әл-Фараби дүниеге келген қала: Отырар

• Жүсіп Баласағұн дүниеге келген қала – Баласағұн

• Махмуд Қашқаридың шын аты: Махмуд Хусейн ибн Мұхаммед

• Ахмет Йүгнекидің шын есімі: Әбід Ахмет Махмұдұлы

• Қожа Ахмет Йасаудің дүниеге келген қаласы: Сайрам

Екінші деңгейлік тапсырма – сұрақтар:

● Жүсіп Баласағұнидің атақты еңбегі: «Құт негізі – білік»

● Ахмет Йүгнекидің бізге еңбегі: «Құт негізі – билік»

● Қожа Ахмет Йайсаудің әкесі, атақты ғұлама ғалым: Ибраһим

● Қожа Ахмет Йасауден қалған ұлы мұра – «Даналық кітабы» немесе

«Диуани – и хикмет»

● Мұсылман дінінің енуіне байланысты пайда болған ғимарат – Мешіт

Үшінші деңгейлік тапсырма – сұрақтар:

λ Шығыстың аса көрнекті ғылымы Әбу Насыр әл – Фараби шығармаларын қай тілде жазды? Араб тілінде

λ Өз еңбектерінде адам дүниені және оның мәнін өзінің сезім мүшелері мен ақыл – ойы арқылы таниды деп түсіндірген ғалым: әл – Фараби

λ Махмуд Қашқаридың еңбегі қалай аталады? «Диуани лұғат ат – түрік»

λ Жүсіп Баласағұни «Құтадғу негізі – білік» еңбегін Баласағұнда бастап қай қалада аяқтаған? Қашқарда аяқтаған

λ Қожа Ахмет Йасаудің жолын қуған шәкірттерінің бірі – ғұлама ақын, ел ішінде Хакім ата аталған: Сүлеймен Бақырғани

Н.А.Оразақынованың сатылай кешенді талдау білім беру технологиясы.

Н.А.Оразақынованың сатылай кешенді талдау білім беру технологиясының мақсаты: білімді, ұлттық заңдылықтарды бағалай білетін ұстамды, алғыр, жан – жақты дарынды, шығармашылық ізденіс, зерттеу жұмысын жүргізе алатын тұлғаны қалыптастыру. Н.А.Оразақынованың сатылай кешенді талдау білім беру технологиясын Қазақстан тарихы пәнінен қоғам қайраткерлерінің өмірі туралы, дүние жүзі тарихы пәнінен әр мемлекет бойынша тақырыптарды өткенде берілген талдау бойынша жаңа сабақты түсіндіру кезеңінде пайдалану өте тиімді. Сабақ құрылымын жиі өзгертіп отыру – оқушылардың ойлау қабілетіне, өз ойын қорыта айтуға, тарихи деректермен жұмыс істеуге қозғау салады. Пәнге деген қызығушылығын туғызады. Пән бойынша жақсы нәтижеге көрсеткішіне жеткізеді.

«... Бәсекеге қабілетті технологиялар инновациялық экономиканың өзегі ретінде өздігінен пайда бола қала алмайды. Бұл – ұзақ үрдіс, ғылыми зерттеулердің, күрделі де шығынды эксперименттердің және ақыр аяғында, ғалымдардың идеялық нұрлануының қиындықпен келетін жемісі...» деп айтқан тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен аяқтағам келіп отыр.

G00066 27.10.2021 ж

Тәуелсіздік күні

КУЛМАМБЕТОВА ЖАНАР ТЕМИРХАНОВНА

Қызылорда облысы, Арал ауданы, Бөген ауылы
№20 З. Шүкіров атындағы орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі

Пәні: Әдебиеттік оқу	Тәуелсіздік күні
Сынып: 4	Мұғалімнің есімі:
Сабаққа негізделген оқу мақсаты:	4.1.5.1 Өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып, білдіру. 4.2.8.1 Эпизодтар мен оқиғалардың негізінде жатқан маңызды тұстарын талдау және салыстыру
Сабақ мақсаттары:	Барлық оқушылар жасай алады: • Оқушылар тақырыпқа сәйкес шығарма түрлерімен танысады.. Оқу мақсатына сәйкес дауыстап, түсініп, іштей, мәнерлеп, сын тұрғысынан бағалап, көз жүгіртіп оқу дағдылары жетілдіріледі. Оқушылардың көбі жасай алады: • Әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, эпитет) анықтауды жалғастырады Шығарманың құрылымын, әр түрлі стильде жазылған жұмыстарды жетілдіреді, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қатені табу және түзетудің жолдары қарастырылады. Оқушылардың кейбірі жасай алады: • Оқушыларды түрлі жанрдағы . шығармалармен таныстыру арқылы Ұлы дала тарихы, Отаны туралы шежіре сырлары, Туған жердің табиғаты туралы ойларын ортаға салады. Бөлімде Отанға деген құрмет, сүйіспеншілік, қазақстандық патриотизм құндылықтарын қалыптастыру мақсаты қарастырылады.
Бағалау критерийлері: (жетістік	Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен мәтіндегі негізгі ойды анықтай алады. Берілген тақырып бойынша өз көзқарасын білдіріп, ой

критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)	қорыту жасай алады. Оқу мақсатына сәйкес дауыстап, түсініп, іштей, мәнерлеп, сын тұрғысынан бағалап, көз жүгіртіп оқу дағдылары жетілдіріледі.
Тілдік мақсаттар	Тілдік дағдылар: жазылым, тыңдалым, айтылым. Терминология: Аллитерация- өлең жолдарындағы бірыңғай дауыссыз дыбыстардың ерекше мәнермен үйлесімді қайталануы. Алаш -тайпалардың ең алғашқы қауымы Тәу ету- қасиетті нәрсеге басын ию Сөз тіркестері: Тәуелсіздік күні
Құндылықтарды дарыту:	Бір-бірін тыңдауға, құрмет тұтуға тәрбиелеу
Пәнаралық байланыстар:	дүниетану
АКТ қолдану дағдылары:	БАҚ және мультимедиялық құралдарды пайдалану; Дерекқордан және интернеттен ақпаратты іздеу;
Алдыңғы оқу/Бастапқы білім:	Мәтіннің түйінді ойын өмірмен байланыстыра алады. Отан, Қазақстан, азамат, туған жер сөздерінің мағынасын біледі.
Жоспар	
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар
Бастауы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Ана тілің арың бұл, Ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте. Жұмыс ережесін келісу <u>Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)</u> ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау «Кел, сөйлесейік» айдары «Биопоэма» әдісі арқылы жүзеге асады. Оқушылардың өзі туралы сауалдарға жауап берулеріне

	<p>тапсырма беріледі. Есімім (Өз есімі) 10. Менің туған жылым (Өз туған күні, айы, жылы) 11. Менің туған жерім (Дүниеге келген орны) (картадан көрсету) 12. Менің жетістіктерім 13. Менің қызығушылықтарым 14. Мен қызмет еткенде (армандарын айтады) 15. Мен өскенде 16. Мен қандаймын (Өзіңізді сипаттайтын 3 сын есім) Сабақтың тақырыбы мен күтілетін нәтижені хабарлайды. (ТЖ) -Қазақстан Республикасының мемлекеттік мереке атауларын еске түсіріңдер. (ЖЖ) -Тәуелсіз, тәуелді сөздерінің мағынасын бір-біріңе түсіндіріңдер</p>
<p>Ортасы</p>	<p>1.Қ.Сарин мен Б.Тобаяқовтың өлеңдерін оқып, мазмұнымен танысады. 2.Екі өлеңді салыстыра отырып мазмұнын талдайды. 3.« Тәуелсіздік – неліктен «ең қымбат сый», неліктен «баға жетпес бақ»? сұрақтар төңірегінде өз ойларын ортаға салады. «Ақынның ізімен» әдісі бойынша «Мен – тәуелсіз Қазақстан өркені, Мен – жаңа күн, жаңа дәуір желкені. Мен – кешегі арыстардың арманы ...» – деген ақынның ойын оқушылар жалғастырып, жазып көреді <u>Дескрипторы:</u> Ұйқасқа негіздеп, өлеңнің соңғы жолдарын құрастырады ҚБ: «Ду қол шапалақ» әдісі «Теориялық мәтін» айдары бойынша оқушылар «Аллитерация» терминімен танысады Аллитерация – өлең жолдарындағы бірыңғай дауыссыз дыбыстардың ерекше мәнермен үйлесімді қайталануы. «тәуелсіздік» өлеңіндегі аллитерациялар: «Тәуелсіздік, сенсің сыйым ең қымбат. Басымызға баға жетпес бердің бақ! Кемелденіп келемін мен, бақытты Бала шақтан болашаққа қол бұлғап. Аллитерация мақал-мәтелдер мен жаңылтпашта да</p>

	<p>кездесетіндігін меңгереді (Ұ) «Тәуелсіздік әні» өлеңін мәнерлеп оқиды. «Жаңа сөздер сандығы» айдары бойынша оқушылардың мәтін бойынша түсінбеген сөздерінің мағынасын топ ішінде талдап, түсініктеме жасауларына ықпал ету. Алаш, тәу ету сөздерінің мағынасын ашу. Алаш – қазақ тайпаларының ең алғаш қауым болып біріккен одағы. Тәу ету – қасиетті деген нәрсеге басын иіп, тағзым ету. (ЖЖ) «Білгенге маржан» айдары бойынша Қазақстан Республикасында 16-17 желтоқсанда Тәуелсіздік күні ұлттық мерекесі аталып өтілетіні туралы біледі. (ЖЖ)«Қосжазба күнделігі» әдісі бойынша төмендегі сұрақтарға жауап береді. *Өлеңдерде бостандық үшін күрестің құрбандары туралы не айтылған? *Бұл өлең неліктен «ең шуақты, «ең шырайлы», «ең шерлі»? *Ақынның жүрегі кімдер үшін сыздады? *«Еркіндіктің қыраны» деп ақын нені меңзеп тұр? <u>Дескрипторы:</u> 1. Сұрақтарға жауап береді. 2. Автор пікірін мысал келтіру арқылы дәлелдейді. ҚБ: «Оң көрші» әдісі арқылы әр топ көрші топтың жұмысын дескрипторлар негізінде бағалайды. Дәптермен жұмыс.</p>
<p>Оқу тапсырмасы</p>	<p>1) Ұйқасқа негіздеп, өлеңнің соңғы жолдарын құрастыр. Өлеңдерден өзіңе әсер ететін сөздерді теріп жаз. 2)«Тәуелсіздік күні» туралы эссе жазу</p>
<p>Аяқталуы</p>	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану (ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек” әдісі. Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда) Кері байланыс. «Сабақтағы проблемалар» кестесі</p>

Қосымша ақпарат

Саралау - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?

Бағалау – Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?

Сабақ бойынша рефлексия.

Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма?

Бүгін оқушылар не білді?

Сыныптағы ахуал қандай болды?

Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?

Мен бүкіл уақыт ішінде өзгердім бе?

Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?

Қорытынды бағамдау

Қандай екі нәрсе табысты болды(оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?
--

1.

2.

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды?

1.

2.

Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері / қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі неге көңіл бөлу керек?

1.

2.

G00067 27.10.2021 ж

Мен – жаңа форматтағы ұстазбын

ТАСУБАЕВА ТИЛЕКШИ МУРАТБЕКОВНА

Маңғыстау облысы. Ақтау қаласы.

Фариза Оңғарсынова атындағы №29 ЖББМ.

Бастауыш сынып мұғалімі

«Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!» Н. Ә. Назарбаев./

Заман өзгеруде, менде заман талабына сай өзгере білуім керек — деген ұстаным әр ұстаздың бойынан табылуы керек.

Қазіргі әлемде болып жатқан өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты маңызды мәселе болып отырғаны: «XXI ғасырда нені оқыту керек?», «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындауы керек?» Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының мазмұны осы мәселені шешуге бағытталған. Даму мен үйрену бір үйдің егіз балалары секілді. Бір-біріңсіз толық салынбаған сурет секілді шимай болып қала береді. Дамығың келсе үйренесің, үйрене бастасаң, дамып жатсың деген сөз!

Жаңа заман талабына сай, әлеммен бірге өзгеру мақсатымен менде деңгейлік курсты оқып, жаңа форматтағы ұстаз ретінде қалыптасып келемін. Мұғалімнің ұстанымы оның көзқарастарын қалыптастыру барысына зор ықпал етеді, ал көзқарасы белгілі бір шешімдердің қабылдануымен сыныптағы іс әрекеттерді түсіндіру көзі болып табылады. Сондықтан кез келген мұғалімнің оқыту құралдары оның өз болжамдарының, білімі мен ұстанымының, көзқарастарының жиынтығынан тұруға тиіс.

Оқытудың қандай жолы қолданылса да, қарастырылатын екі көзқарас бар. Біріншіден, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі, екіншіден оқытудың оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас нәтижесі ретінде қарастырылуы. Бірінші деңгей бағдарламасы құзырлы мұғалімнің алдына оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білу жөнінде нақты міндеттеме қойып отыр. Сондықтан мұғалімнің бойында Шульман «үш көмекші» деп атаған қасиеттер болуы тиіс.

Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры **Бауыржан Момышұлы** “Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз” деген.

Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – **Мұғалім**.

Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек.

“**Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға**” деп Абай атамыз айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігін баршамыз мойындаймыз.

Менде ұстаздық жолымды мемлекеттік тілді өзге ұлт өкілдеріне үйретуге жиырма жыл бойы арнап келемін.

Қазіргі кезде оқыту үрдісін жоспарлаудың, қолданудың және бағалаудың жүйелі әдісі ретінде жаңа педагогикалық технологиялар түрлері көбейе түсуде.

Сондықтан осындай жаңартылған педагогикалық техногиялар ішінен өз қажеттісін таңдап алу – әр мұғалім үшін жауапты да іскерлікті талап ететін іс.

В.И.Шепелдің айтуы бойынша, технология – өнер, шеберлік, біліктілік жағдайын зерттеуге бағытталаған іс-әрекеттердің жиынтығы ұғымын білдіреді.

Сабақ түрі жаңа заман талаптарына сай өзгеріп, жаңарып отырса, жеткіншектерге оның әсері мен ықпалы ерекше болады. Олардың эмоциялық сезім-түйсіктеріне әсер ете білген ізденістерден көп пайда болатыны айтпаса да түсінікті. Дайын білімді таратуға негізделген «дәстүрлі» әдіс арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімдерімен тиімді сіңісе алмайды, сол себепті де механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алады. Бұндай жолмен оқытудан алынған механикалық түрде есте сақталған мәліметтерді емтихан кездерінде ұтымды пайдалануға болады, бірақ мән-мағынасы терең меңгерілмей, жай ғана жатталғандықтан, тақырыпты оқыту аяқталған соң немесе емтихан біткен соң керексіз болып қалады және оқушы оны өмірде пайдалана алмайды. Сындалы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Бұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай, пікір-көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін өрістетуге орайластырылып

құрылады. Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние – кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі. Бұл жағдайда оқушының мәселені түсіну деңгейін анықтап, оның түсінігін толықтыруға немесе қайта құруға көмектесу мұғалімнің міндеті болып табылады. Менде өз сабақтарымда жаңа технологияларды қолданып жүрмін. Деңгейлік бағдарлама бойынша жұмыс жасай бастағаннан бастап, оқушылардың бойынан өзгерістер байқала бастады. Бұрынғы дәстүрлі сабақта оқушы мұғалімнің баға қоюын тосып, қатесін тауып бергенін күтіп отырса, қазір өз қатесін өзі тауып өзі түзетуге машықтанып келеді. Бір — бірін бағалау арқылы өз қателерін түсініп, өзгеге үйрету арқылы үйреніп отырады.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Қазақ тілі ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ол қазақ тілі Мәңгілік Елдің мәңгілік тіліне айналды», - деген сөзі қазақ тілінің дамуына жаңа серпін беріп отыр. Мәңгілік елдің соғатын жүрегі қазақ тілімен байланысты болады десек, онда заман тынысын тани білген адамға дамудың күретамыры ақпараттық коммуникациялық технологиялармен байланысты екендігі де айқын. Осы мақсатпен аудандық қазақ тілі мұғалімдерімен «Тіл жанашырлары» атты қауымдастық құрып, биылғы жылы семинарлар өткіздім. Облыстық конференцияда «Дарынды және талантты балалармен жұмыс жүргізу жолдары» тақырыбында шеберлік сынып өткіздім. Осы тақырыппен аудандық семинарда шеберлік сынып, «Топтық жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында коучинг өтті. Мектеп мұғалімдерімен де тәжірибе алмасып жүреміз. «Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыруда интерактивті әдістерді қолдану» атты семинарда аудан мұғалімдері үшін тиімді өткізіліп, тәжірибе алмастық.

Астана қаласында өткен «Қазақ тілін оқытудағы инновациялық бастамалар» Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесі форумына қатысып алған мәліметтер бойынша аудан мұғалімдерімен ой бөлістік.

Біздің мақсатымыз- гүлденген қоғам орнату. «Ұлттық тіл — әр халықтың өзіне тән ой- санасын, парасатын, бүкіл болмыс- тіршілігі мен сезімін- түйсігін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін күретамыр.»

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдаған жолдауында басты мақсатымыз-Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы, ол-«Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті деген. Біз үлгілі дамудың өзіндік моделін қалыптастырдық.

Осы жолдауда «Мәңгілік Қазақстан» жобасында Қазақстан Республикасының әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын саласының бірі-ғылым мен білімге өте үлкен мән берген.

Ал оны жүзеге асыратын ұстанымы берік, білімді, жаңа форматтағы мұғалім.

Жаңа форматтағы мұғалім жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру, ең алдымен мұғалімнің кәсіби шеберлігі екенін түсініп, әрдайым өзінің білімін жетілдіріп, шығармашылық ізденісте жүруі маңызды.

Жаңа формат мұғалімі пәнді жақсы білумен қоса, стандарт талап етіп отырған құзыреттіліктерді жете меңгеруі тиіс.

Елбасымыздың «Мәңгілік Елге» бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жолында білімді шәкірт дайындаудан шаршамайтын, қазақ елінің жаңа форматты мұғалімін дайындауға атсалысып деңгейлік курсты өткізіп

жүрген білімді де, білікті тренерлердің еңбектері біз үшін баға жетпес нұсқау болып отыр. . Әлемнің озық елдері арасында Қазақстанның білімді жастарының орны ерекше болып шарықтай берсін.

Джон Дьюи мен Дональд Шонның «рефлексиялық оқыту» технологиясында немесе Абай Құнанбаевтың он бесінші сөзінде айтылғандай әр адам өз ісіне есеп бере білсе нәтижеге жетері анық деп санаймын..


G00069 27.10.2021 ж

Табиғаттың таңғажайып құбылыстары. Сөз таптары

ИЗМУХАНОВА САЛТАНАТ ТАСТЕМИРОВА

Атырау қаласы. Жанаталап селосы

Жамбыл орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Педагогтің аты-жөні			
Сынып: 4	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың өткізілу түрі	Ашық сабақ		
Сабақтың тақырыбы	Табиғаттың таңғажайып құбылыстары. Сөз таптары 6-10 жаттығу		
Оқу бағдарлама сына сәйкес оқыту мақсаттары	4.4.2.6 – сөз таптарының сөйлемдегі қызметін анықтау; 4.2.5.1 – дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау.		
Сабақтың мақсаты	Сөз таптарын анықтайды. Олардың түрлерін ажырата алады; Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен мәтіндегі негізгі ойды анықтай алады		
Сабақтың барысы.			
Сабақтың кезең уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жаңа топ құру Ана тілің арың бұл, Ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тілінді құрметте. «Жалаулар» арқылы топқа бөлінеді. Оқушыларды қалаған жалауларын алып, 1,2,3	Психологиялық ахуалға берілген жалаулар арқылы топқа бөлінеді. Сөз таптары сабақтың тақырыбын болжайды Сабақтың	 ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау.

	<p>жүптарға бөлініп отырады. 1-жүп «Бақыт жалаулары» 2-жүп «Арман жалаулары» 3-жүп «Қуаныш жалаулары» <u>Оқушылар сабақ тақырыбын анықтаған соң,</u> оқу мақсатымен таныстырады күтілетін нәтижені анықтау.</p>	<p>тақырыбы мен мақсатымен танысады</p>	
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Ширату тапсырмасы. «Интеллект карта» әдісі</p>        <p>(зат есім,сын есім,сан есім,одағай,есімдік,еліктеуіш сөздер,шылау,үстеу,етістік) Кестенің қорытындысынан,ереже құрастырып жаңа ақпаратпен таныстырады.</p> <p>7 бет. 6 жаттығу ауызша орындалады</p>  <p>-Мәтінді оқып,түсініксіз сөздерді белгілейді.</p>	<p>Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды талапқа сай орындайды.Яғни, сөз таптарын ажыратып жаза отырып ортақ байланысын анықтайды.</p> <p>Оқушылар жаңа ақпаратпен танысады.</p> <p>Мәтінді оқып,әрі қарай не болатынын болжайды. Мәтіндегі етістіктердің түрін анықтап,ажыратады.</p> <p>Жазба жұмысын орындап,сөздерді</p>	<p>Формативті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы бағалау.</p> <p><u>ҚБ: Бас бармақ арқылы бағалау.</u></p>

	<p>Жазылым тапсырмаларын орындау .Дәптермен жұмыс. Кестемен жұмыс 7 бет</p> <table border="1" data-bbox="386 519 884 1301"> <thead> <tr> <th data-bbox="386 519 501 736">Сөздер</th> <th data-bbox="501 519 633 736">Менің білуімше</th> <th data-bbox="633 519 785 736">Сөздіктен анықтағаным</th> <th data-bbox="785 519 884 736">Қай сөз табы?</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="386 736 501 824">қапырық</td> <td data-bbox="501 736 633 824"></td> <td data-bbox="633 736 785 824"></td> <td data-bbox="785 736 884 824"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="386 824 501 954">Нөсерлету</td> <td data-bbox="501 824 633 954"></td> <td data-bbox="633 824 785 954"></td> <td data-bbox="785 824 884 954"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="386 954 501 1041">сейілу</td> <td data-bbox="501 954 633 1041"></td> <td data-bbox="633 954 785 1041"></td> <td data-bbox="785 954 884 1041"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="386 1041 501 1128">көкжиек</td> <td data-bbox="501 1041 633 1128"></td> <td data-bbox="633 1041 785 1128"></td> <td data-bbox="785 1041 884 1128"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="386 1128 501 1216">ғаламат</td> <td data-bbox="501 1128 633 1216"></td> <td data-bbox="633 1128 785 1216"></td> <td data-bbox="785 1128 884 1216"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="386 1216 501 1301">Жолақ</td> <td data-bbox="501 1216 633 1301"></td> <td data-bbox="633 1216 785 1301"></td> <td data-bbox="785 1216 884 1301"></td> </tr> </tbody> </table> <p>8 бет 7 жаттығу Жұмбақты жазып, шешуін тап. Жарқылдан соң жаңағы, Суға бөкті бар алап. Көкте түрлі жолақты Өрнек тұрды ғаламат! <i>(Кемпірқосақ)</i> <i>Әли Ысқабаев</i></p>	Сөздер	Менің білуімше	Сөздіктен анықтағаным	Қай сөз табы?	қапырық				Нөсерлету				сейілу				көкжиек				ғаламат				Жолақ				сөз таптарына ажыратады.	
Сөздер	Менің білуімше	Сөздіктен анықтағаным	Қай сөз табы?																												
қапырық																															
Нөсерлету																															
сейілу																															
көкжиек																															
ғаламат																															
Жолақ																															
Соңы	<p>Талдау 8 бет 10 жаттығу Тірек сызба арқылы сөз таптарының ережесін шығару. /Тірек сызба арқылы сөз таптарының қандай мағына</p>	<p>Тірек сызба арқылы сөз таптарының ережесін шығару. Тірек сызба арқылы сөз таптарының</p>	<p><u>ҚБ:</u> <u>Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау.</u></p>																												

	<p>білдіретінін айтады. /Әр сөз табының ережесін шығарады.</p>	<p>қандай мағына білдіретінін айтады. Әр сөз табының ережесін шығарады.</p>	
	<p>Үй тапсырмасы 8 бет 9 жаттығу</p>	<p>Т әдісін пайдалана отырып орындайды</p>	
<p>Кері байланыс</p>	<p>«Рефлексия» кері байланыс.</p>  <p>Білім сандығы әдісі арқылы кері байланыс орнатылады</p>	<p>Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, тақтада тұрған сандықтардың біріне салады.</p>	<p>«Рефлексия»</p>

G00070 27.10.2021 ж




Мен қазақпын







КАДЕСОВА САЛТАНАТ АЛИМЖАНОВНА

*Атырау қаласы. Жанаталап селосы
Жамбыл орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі*

Пәні	Дүниетану	
Бөлімі	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	
Педагогтің аты-жөні	Аширбекова Сымбат Есбосыновна.	
Күні:		
Сынып: 1	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Мен қазақпын	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.3.1.1 көрнекі материалдарды зерделеу арқылы ежелгі адамдардың өмірі туралы әңгімелеу 1.3.5.2 тәуелсіз мемлекеттің негізгі белгілері туралы әңгімелеу	
Сабақтың мақсаты	<p>Барлық оқушылар: қазақ халқының тарихы туралы біледі; «батыр» ұғымын және батырлардың қазақ халқындағы рөлін түсінеді</p> <p>Көптеген оқушылар: мақал – мәтелдер мен аңыздардың мағынасын ашады; Кейбір оқушылар: алған ақпарат негізінде өз көзқарасын білдіреді</p>	






Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушыны ң әрекеті	Бағалау	Ресур стар
Сабақтың басы	<p>Психологиялық ахуал қалыптастыу Көңілденіп,күлемін, Бақытты боп жүремін. Бәрін біліп алатын Мен ақылды баламын «Ой бөліс» әдісі. Оқушылар, қазақ халқының қандай батырларын білесіңдер? Толағай батыр, Райымбек батыр, Баян батыр т.б. Ендеше, I қатар: «Толағай батыр » II қатар «Райымбек батыр» III қатар «Баян батыр» деп атап отырғызу <u>Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)</u> «Менен сұрақ, сізден жауап» әдісі</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бұл пәннен нені үйренеміз? • Саяхат дегеніміз не? • Турист деп кімді айтамыз? • Нұр-Сұлтан қаласы қандай өзеннің жағалауында орналасқан? • Нұр-Сұлтан қаласында қандай көрікті жерлер бар <p><u>ҚБ: ШАПАЛАҚ</u> Ширату тапсырмасы. Белсенді оқу тапсырмалары(топта,</p>	<p>Оқушылар хормен айтады</p> <p>Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары</p>	<p>Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, т олықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p>	  




 <p>Сергіту сәті</p>	<p>Ұжымда) Оқушыларға ауыз әдебиетін түсіндіру -Ауыздан ауызға тарап отырған әндер, мақал-мәтелдер, аңыздар немесе халық ауыз әдебиеті деп аталған Ертегі батырлар жырларын адамдар жаттап, отырған жерлерінде ауызша бір-біріне әңгімелеген. Жазуды білмегендіктен біздің заманымызға ауызша жеткен. Сондықтан оны халық ауыз әдебаеті деп атаған екен. Ол туралы қазір оқулықтан тізбектеп оқып білейік. Аңыздар қазақ ауыз әдебиетінде ерекше орын алады. Олар қазақ халқының батырлығы мен ерлігін жырлаған. Аңыздардың басты кейіпкерлері – батырлар. Олар біздің жерімізді сақтап қалды</p>   		<p>«Жарайсың!», «Өте</p>	 
--	---	--	---------------------------------	---




	<p>-Суреттер туралы не айта аласындар? (балалардың жауабы тыңдалады) -тұсау кесу, бесікке салу, қазақтың салт-дәстүрлері -дулыға, қылыш, найза бұл батырлардың қару-жарақтары -Ендеше балалар,бүгін «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» бөлімінің «Мен қазақпын» тақырыбы. Бұл тарауда қазақ халқының тарихына қатысты қызықты аңыздармен танысып, бүгінгі күнгі тәуелсіздігімізге кімдердің арқасында жеткеніміз туралы білеміз</p> <p>Сен білесің бе? ҚАЗАҚ ЖЕРІ ТУРАЛЫ ВИДЕО</p> <p>1-қатар: «Толағай батыр»</p> <p><i>Мен - қазақпын мың өліп, мың Жергегімде таныстым мұң т Жылағанда жүрегім, күн тұты Қуанғанда күлкімнен түн түрі</i></p> <p>2- қатар: « Райымбек батыр»</p> <p><i>Мен - қазақпын, ажалсыз анам Құрсағыма сыйдырам даланы Пәк сәбимін бесікте уілдеген, Дәуірлермен құрдаспын, дана</i></p> <p>3- қатар: «Баян батыр»</p> <p><i>Мен - жігітпін, айқасқа, сынға асы Жүрегі бар кеудемде шын ғашықп Жанартаудай жойқынмын жұлқы Шарықтасам, қыран боп шыңға и</i></p> <p>Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау</p> <p>ҚБ: Мұғалімнің</p>		<p>жақсы!», «Керемет! »</p>	
--	--	--	--	--

	<p>Қолпаштауы Би: «Мен қазақпын»</p>			
<p>Сабақтың ортасы</p> 	<p>Ширату тапсырмасы. Белсенді оқу тапсырмалары Игерейік білімді. <i>Белсенді оқыту: «Түсіндіру және сипттау» тәсілі.</i></p>  <p>Саралау: «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі. «Толағай» мультфильмін көрсету .</p> <p>-Осы Толағай батыр сияқты біз тауды көтере аламыз ба? -Неге? -Ол кезде батырлар көп болды. Себебі, қазақтың жері кең, қазба байлыққа толы болғандықтан оған қызығып жаулап алңысы келген басқа елдер шайқас бастап, шабуылдады. (портреттер көрсету) Міне, бүгінгі тәуелсіздігіміз, көк туымыздың бейбіт заманда басқа елдердің туымен қатар желбіреуі осы батыр бабаларымыздың арқасы. -Балалар батырлар тек шайқаста ғана жүрмеген. Олар бейбіт заманда ел басқарып, хан болған. Қол басқарып батыр болған.</p>	<p>Дәптермен , тақтамен жұмыс. Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады. Сұрақтарға жауап береді. Өз көзқарастарын білдіреді Оқушылар билейді</p>	<p>Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, т олықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату</p> <p>Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, т</p>	

	<p>(Хандардың портреттерін көрсетіп, таныстыру) Осы хандар балалар, біздің тәуелсіз қазақ елі болуымыз үшін көп тер төкті. Олар өздері билеген жерлерінде елдігін білдіріп туларын тігіп отырған.</p> <p>1-қ: «Толағай батыр» Бұл аңыздан не білдік? Кім туралы айтылған?</p> <p>2-қ: «Райымбек батыр» Толағай неліктен батыр деп ойлайсың? «Ерлік» деген ұғымды қалай түсінесіңдер?</p> <p>3-қ: «Баян батыр» Толағайдың ерлігін неден көруге болады? Неліктен ол батыр атанды?</p> <p><i>Топтастыру «Батырдың ерекше қасиеттері»</i> <i>Ержүрек</i> <i>күшті</i> <i>Батыр</i> <i>жанашыр</i></p>  <p><i>Қайсар</i> <i>елжанды</i></p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Батырдың ерекше қасиеттерін сипаттай алады. • Толағайдың батырға тән қасиеттерін жаза алады. • «Ерлік» сөзінің мағынасын біледі <p>ҚБ: жұлдызша Дәптермен жұмыс тапсырмаларын орындау Сен білесің бе? 5 ҚАРУ</p>	<p>Дәптермен , тақтамен жұмыс Сұрақтарға жауап береді. Өз көзқарастарын білдіреді</p> <p>олықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату</p> <p>Дәптермен , тақтамен жұмыс</p>	<p>өте жақсы жақсы орта</p>   
---	--	--	---

	<p>«Үш қатарға үш тапсырма» әдісі</p> <p>I қатар: «Толағай батыр» «Батыр» сөзінің ұғымын және батырлардың қазақ тарихындағы рөлі қандай? «Аңыз» ұғымын қалай түсінесіңдер?</p> <p>II қатар « Райымбек батыр» Қазіргі заманда батыр атануға болама? Тәуелсіздік үшін күрескен кімді білесің?</p> <p>III қатар «Баян батыр» «Батыр туса – ел ырысы, жаңбыр жауса-жер ырысы» мақалдың мәнін түсіндіру Қазіргі заманда батыр атануға болады ма? (балалардың жауабы тыңдалады) -Балалар, қазіргі бейбіт заманда (спортшылар атап таныстыру) спорт түрлерімен, өнер, біліммен батыр атануға болады.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оқушылар мақал-мәтелді оқиды және мағынасын түсіндіре алады. • Өмірлік тәжірибесінде қолдана алады • Аңыздардың қазақ тарихындағы ролін біледі. <p>ҚБ: шапалақ</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді. Өз көзқарастарын білдіреді</p>		<p>суреттер</p>
--	--	--	--	-----------------

	 <p>• ҚАСЫМ ХАН КІМ БОЛҒАН?</p>   <p>Әрбір тілде сөйле әлемді таң қылып, Ана тілін білмеу қандай заңдылық. Өсер балаң, байтақ далаң тұрғанда Қазақ тілі жасау керек мәңгілік.</p>			
<p>Сабақтың соңы Кері байланыс</p>	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану «Үш қатарға үш сұрақ» Не туралы оқыдық? Ауыз әдебиеті деген не екен? Батырлар жырында не туралы жырлаған? Үйге: Басқа елдегі досыңа қазақ халқы туралы айтып шағын хат жаз. <i>Кері байланыс</i> 1. Бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?</p>	<p>Оқушыларға алмалар таратылады. Оқушылар өздері белгілейді</p>	<p>Оқушылардың бірінбірі, өзін өзі бағалауға негізделген, бұл тәсілдің мақсаты өзін және құрбылары н әділ бағалауға</p>	<p>Кері байланыс парағы. стикерлер</p>

	<p>2. Сабақтан не үйрендіңдер? -Саған не ерекше қызықты болды? Сұрақтарына жауап береді.</p> <p></p> <p>Маған сабақ ұнады.. Сабақты толық меңгердім</p> <p>Сабақты толық түсінген</p> <p></p> <p>жоқпын.</p> <p>Сабақ маған түсініксіз.</p> <p></p> <p>Немесе стикерге жазып бағалау тақтасына жапсырады</p>		үйрету	
--	--	--	--------	--

G00071 27.10.2021 ж

«Менің мамандығымның ерекшелігі»

НУРОВА ГУЛМИРА НАГШАЛИЕВНА

Қызылорда облысы Арал ауданы Бөген ауылы

З.Шүкіров орта мектебінің дефектологы

«Адам жанын түсіне білу,
оны зерттей білу – үлкен өнер»
З.Фрейд.

«Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла», – деп Ұлы Абай атамыз айтқандай, әрбір тұлға – жұмбақ. Сол жұмбақтың кілтін тауып, жүрек кілтін аша білу, әрбір жүректің құпия сырын оқи білу мен қалаған мамандықтың ғажайып тылсым сыры. Бұл қандай мамандық? Болашақта қандай мамандықты таңдасам? Осы бір сұрақ өмірге келіп, сана-сезімі жетілген әрбір адамды толғандырары сөзсіз. Бір кездері мен де осы бір сұрақтың жетегінде көп ойланып, толғанып, қиялдап, өзім қалайтын, өзім сүйіп айналысатын істі таңдау жетегінде жүрдім. Ақырында осы бір сұраққа жауап та таптым.

Ол әлем – дефектология әлемі – жан туралы ғылым . Қазақта «жан ғылымын» ерте меңгерген. «Тән ауруы жазылар, жан ауруы жазылмайды» деген сөзде үлкен мағына мен мән бар. Бүгінгі күні тән ауруын дәрігердің шипасы емдесе, жан ауруын дефектолог маман емдей алады. Әр адамның жүрегіндегі мұнды сезіп, ойды танып, дұрыс жол сілтей білу, адамнан тек мамандықты талап етпейді, адамға деген мейірімділік пен ізгіліктен туындайды.

Дефектолог ол кім? Дефектолог латын тілінен аударғанда «кемістік» деген мағынаны білдіреді. Педагогиканың көру, есту, сөйлеу мүшелерінде, ақыл-ойының дамуында табиғи кемістігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін зерттейтін арнаулы саласы. Кемістігі бар балалардың психологиялық және физиологиялық даму ерекшеліктерін зерттейді. Дефектология ғылымның зерттеу объектісі - дамуында қандай да бір кемістігі бар адам.

Бұл саладағы зерттеу нұсқасы мүмкіндігі шектеулі балалар, яғни тәрбиелеуі қиын (аномальді) балалар. Олармен жұмыс істеу өте қызықты, сонымен қатар аса жауапкершілікті, шыдамдылықты талап етеді. Қазіргі таңда бұл мамандық өте жоғары сұранысқа ие, себебі, өкінішке орай, жыл санап елімізде мұндай балалардың саны артып келеді.

Мұндай ауытқулардың негізгі себептері мынадай:

1. Жүкті әйелдердің денсаулығына салғырт қарауы. Мәселен, алкоголь, есірткі қабылдау, темекі шегу.
2. Жұқпалы аурулармен ауыруы, қатты әсері бар дәрі - дәрмектерді қабылдауы, стресс, әр түрлі жарақаттар.
3. Генетикалық фактор, бала мен ананың резус факторының сәйкес келмеуі.
4. Туылғаннан кейін баланың жұқпалы ауруларға шалдығуы, жарақат алуы.

Міне, осы және басқада факторлар баланың физиологиялық және психологиялық дамуына кері әсерін тигізеді.

Жаны ауырған ата-ананың үмітіне сенім ұялатып, кемтарлықтың қазығына көгенделген баланың қоғамда емін-еркін жүріп-тұруымен қатар, қоғамда алаңсыз өмір сүруді үйрететін ол дефектолог маманы. Бұл менің мамандығым, менің сүйікті ісім. Аталмыш мамандықты таңдағаным еш өкінбеймін, керісінше дұрыс шешім жасағаным күн санап көзім жетіп келеді. Себебі, сабырлылық пен төзімділік, парасаттылық пен сыпайылық, сенімділік пен тәуекелшілдік бұл нағыз педагогтың ісі. Сондықтан дефектология педагогиканың патша саласы десем артық болмас деймін. Дефектология мамандығымның ерекшелігі осындай. Себебі мен адамдарға жақсылық жасағанды бар жан-дүниеммен қаладым

Менің кәсібіме, еңбек іс-әрекетіме деген көзқарастың қалыптасуына әріптес ұстаздарымның рөлі ерекше. Әріптестерімнен алған ең басты сабағым – балаға деген мейірімділік, қамқорлық және жанашырлық, шыдамдылық, шынайы болу және әрдайым шығармашылық ізденісте болу.

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,

Ұстаз болу – сезімнің ақылдығы.

Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,

Ұстаз болу – адамның асылдығы,- деген Ғафу Қайырбековтың өлең жолдарын оқығанда, мен өзімді бақытты сезінемін. Ұстаз болғаным мақтанамын. Өйткені ұстаз – мақтан тұтар мамандық. Киелі әрі өте көне мамандық. Адам Ата Хауа Анадан бері жұмыр басты пендені ойландырып, толғандырып келе жатқан, қоғам өзгерсе де қажеттігін жоймайтын үлкен мәселе – шыр етіп дүниеге келген нәрестені өмір сүруге дайындау. Бұл – қиынның қиыны. Себебі әр адам – қайталанбас тұлға. Оның жан дүниесі - өзінше бір әлем.

Мұғалімнің оқушы алдындағы жауапкершілігі үлкен болса, дефектологтың жауапкершілігі одан он есе зор болмақ. Өз ісіне адалдығы мен қажырлы еңбектің арқасында, зақымдалған мүшенің орнын басқа анализатор арқылы толтыру (компенсатор) дефектологтың түзете-дамыту жұмысының нәтижесі осы жерде байқалады. Бүгінгі таңда елбасымыз мүмкіндігі шектеулі жандарды

ел қатарлы қоғамда бірге оқып, бірге қоғамдық істер атқаруға үлкен үлес қосып отыр. Ол – инклюзивті білім беру жүйесі. Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға үйретеді. Сондай-ақ оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім алумен қатар өз талантын қоғамда көрсете білетін мыңдаған бала дефектологтың көмегіне зәру. Осы мақсатта мен өз оқушыларыма сабақ үрдісінде әр түрлі ойын әдістерін қолданамын. Соның ішінде оқушылардың ойлау қабілетін, зейінің, есте сақтау қабілетін дамытатын ойын әдістері: «Төртінші артық» әдістемесі, бұл ойын әдістемесі оқушылардың заттың маңызды белгілерін бөліп көрсете білуін, соның негізінде ортақ қорытынды жасай білуін диагностикалауға көмектеседі. «Менің көңіл күйім» ойын жаттығуы. Бұл жаттығу оқушының мінез-құлқы мен өзін бағалауын біле отырып, қоршаған ортадағы эмоционалдық жағдайын анықтауға болады.

«Есте қалған қызықты оқиға» ойыны. Балалар дөңгеленіп отырып, бір-біріне доп беру арқылы есте қалған оқиғаларын айтады, бұл ойын арқылы оқушылардың есте сақтау қабілетін оятады.

Саусақ ойыны - ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан - жануарларды, құстарды, ағаштарды т.б көптеген бейнелерді бейнелей алады.

«Бұл қашан болады?» ойыны. Жыл мезгілдеріне байланысты суреттер көрсетіледі. Сол суреттер ішінен керек суретті көрсетіп әңгімелеп береді.

Кесте, құрал - жабдықтармен жұмыс

- Айлардың аттарын ата;
- Жыл мезгілдерін түстерге сәйкес ата;
- Әр мезгілде неше ай бар?
- Бір айда неше апта бар?
- Қазір қандай жыл мезгілі және қандай ай?

Бұл ойын әдістері дамуы тежелген оқушылардың жаңа қоғамдық ортаға қосылуына үлкен ықпалын тигізеді. Сонымен қатар ата-аналар мен де тығыз байланыста болып, ата-ана мен баланың арасындағы қарым қатынасты жақсарту, ата-ананың бала тәрбиелеудегі оң психологиялық көзқарасын, балаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру, мақсатында «Жылы жүрек жақсы тілек» және «Ата-анамен баланың арасындағы махаббат» атты тренингтер өткізіліп тұрады.

Дефектологиялық қызмет – дүние жиып, байлық қуғандардың ісі емес. Сүрінгенге сүйеу, жабырқағанның жан жарасын жеңілдететін шипалы мамандық. Үлкен еңбек пен төзімділікті талап ететін бұл мамандықтың ісі жауапкершіліпен мейірімділікке ұштасады.

«Бала дамуының кемістігі неғұрлым жоғары болса, мұғалімнің білімі одан да жоғар болуы керек», деп неміс психологі П.Шуман айтқандай, өз мамандығымды қаншалықты жақсы көрсем, соншалықты еңбек етуді үйреніп келемін. Алдағы алар асуларым: Еліміздегі инклюзивті білім беру жүйесін дамытуға өз үлесімді қосып, мүмкіндігі шектеулі болсада таланты тас жаратын талай баланың жарқын өмір сүруіне, сапалы білім, саналы тәрбие алуына қол ұшын беремін.

Педагог К.Д.Ушинский «Мұғалім-ол өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім. Оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімділігі де тоқтайды», - деген. Сол үшін де мен дефектология мамандығының қыр-сырын жетік меңгеріп, игеру жолында тынбай еңбек етуді мақсат еттім.

Оқыту мен тәрбие, түзету мен дамытушылық жұмыс барысында жаңа әдіс-тәсілдерді ұтымды, шеберлікпен пайдалана отырып, мүмкіндігі шектеулі оқушының білім деңгейін, қабілетін сараптап, әлеуметтік ортаға дұрыс бағыт-бағдар беруді, оларды егемен еліміздің қоғамындағы заманауи талабына сай жеке тұлға ретінде қалыптастыруды басты міндетім деп есептеймін.

Осындай даралық қасиеттер ұстаздық бақытқа жеткізеді. Бақыттың үлкені - өзіңді-өзің тану. Ұстаз өзін-өзі қай уақытта таниды? Ол алдындағы шәкіртінің қияға қанат қағып, елінің азаматы болған сәтінен таниды. Ендеше, бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда ұландарымыздың биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз арқылы, жан-жақты берген тәрбиеміз арқылы қол жеткіземіз.

Таңғажайып балалар әлемін тереңірек танып, өз өмір тәжірибемнің, мейірімнің дәндерін қондыру – менің жұмысымның мәні. Балалармен жұмыс жасау – үлкен бақыт. Себебі, тек қана бала, ешнәрсеге де алаңдамай мейірімділікке сенеді, кішкентай алақанын менің алақанымға қойып, өз құпияларын айтып, маған сенім артады.

Пәк көңіл балаларыммен ара-қатынас маған қуаныш, шаттық сыйлайды, себебі мен оларға, олар маған керектігіне сенімдімін. Осы сенімнің болуы – әр педагогтың бақыты деп ойлаймын. Мен осы мамандықтың қызығы мен қиындығы көп болса да, осы маман иесі болғанымға мақтанамын.

G00072 27.10.2021 ж


Дециметр

ОЛЖАТАЕВА ГАУХАР ХАМЗИЕВНА

БҚО Бәйтерек ауданы. Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Мектебі	БҚО Бәйтерек ауданы. Бауыржан Момышұлы атындағы ЖББОМ		
Бөлімі:	1С. Шамалар мен өлшем бірліктері		
Педагогтің аты-жөні:	Олжатаева Гаухар Хамзиевна		
Сыныбы: 1 а Күні: 20.10.2021жыл	Қатысушылар саны: 13	Қатыспағандар саны: 1	
Сабақтың тақырыбы:	Дециметр / Мектепте отбасым туралы айтамын		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	1.1.3.1** ұзындық/масса/көлем(сыйымдылық) шамаларын ажырату,оларды өлшеу үшін өлшемдер менкұралдарды таңдау, өлшемдержүргізу; 1.1.3.2** өлшем бірліктерін: ұзындық(см, дм)/масса (кг)/көлем(сыйымдылық) (л) қолданып,шамаларды өлшеу; 1.1.3.3** ұзындық (см, дм)/масса (кг)/көлем (сыйымдылық) (л) салыстыружәне шамалар мәндерімен қосу меназайту амалдарын орындау.		
Сабақтың мақсаты:	Ұзындық өлшем бірлігі – дециметрмен танысасың.		
Сабақтың барысы			
Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау
Қызығушылықты ояту 0-3	Ынталандыру Мұғалім оқушылардан ұзындықты өлшей білу оларға өмірде қалай көмектесуі мүмкін екені туралы сұрайды. Кім ұзындықты өлшей алады? Олар оны ненің көмегімен іске асырады?		
4-6	Өзектендіру. Мұғалім кесінділерді өлшеу	Кесінділерді өлшеу	

	<p>алгоритмін еске түсіруді ұсынады. Кесіндіні қалай өлшейді? Тақтада суретті алгоритм пайда болады. Кесінділерді өлшеу алгоритмін оқып-үйренуді ұсынады.</p>	<p>алгоритмін айтады: 1.Кесіндіге сызғышты қоямын. 2.Сызғыштағы нөл белгісін кесіндінің басымен теңестіремін. Кесіндінің екінші ұшына сәйкес келетін санды анықтаймын. Бұл кесіндінің ұзындығы. Өлшеу нәтижесін жазамын.</p>	
7-10	<p>Мақсат қою (мәселелік жағдаят). Оқулықтағы 1-тапсырманың суретіне қара. - Фотосуреттің өлшемі қандай? (10 см ×7 см). Мұғалім оқушылардан кімнің ұзындықты өлшеудің қандай өлшемін білесің?</p>	<p>Мәселелік жағдаятты түсінеді. Оқулықтағы жақтауды өлшейді.</p>	<p>Оқушылардың жұмысы «Шапалақтау» әдісі бойынша бағаланады.</p>
<p>Мағынаны тану 10-15</p>	<p>Жаңаны ашу. Оқушыларға 10 см, 5см, 8 см жолақшалар үлестіріледі. Мұғалім олардың ұзындығы өлшеп, 10см болатын жолақшаны табуды ұсынады. 1 дециметрде неше сантиметр</p>	<p>Дециметр – ұзындықтың өлшем бірлігі мен танысады. Жолақшалардың</p>	

	<p>бар? $10\text{см}=1\text{дм}$ Ұзындықты өлшеудің жаңа бірлігі бар. Ол –<i>дециметр</i> деп аталады. Оқулықтағы №2 тапсырма орындалады. Сынып ішінен ұзындығы 1 дм, 9см, 10см, 8см болатын заттар тап. Оларды салыстырады. Мұғалім оқушылардың назарын қысқартылып жазылған см, дм ұзындық өлшемдерінің жазылуына аударады.</p>	<p>ұзындықтары н өлшейді. Сынып ішіндегі заттардың ұзындықтары н өлшейді.</p>	
15-20	<p>Жаңаны қолдану Оқулықтағы №3 тапсырманы орындауды ұсынады. Екеуінің ұзындығын қосқанда 1 дм құрайтын екі жолақ таңдап ал. Үлгі бойынша қосу мен азайтуға мысалдар құрастыр.</p>	<p>Оқушылар түрлі түсті жолақшаларды өлшеп, жұптастырады. $3\text{см} + 7\text{см} = 10\text{см}$ $7\text{см} + 3\text{см} = 10\text{см}$ $10\text{см} - 7\text{см} = 3\text{см}$ $10\text{см} - 3\text{см} = 7\text{см}$</p>	
20-25	<p>Оқып-үйренгенді меңгергенін тексеру Мұғалім дәптердегі №1 тапсырманы орындауды ұсынады. Әрбір жолақты өлшеп, ұзындығын жаз.</p> 	<p>Әр жолақшаның ұзындығын өлшеп, жазады.</p>	<p>Өз білімін бағалау үшін дәптердің жиегіндегі бағдаршамды бояйды.</p>

25-32	<p>Осығандейінөтілгенматериалмен жұмыс. Оқулықтағы №4 тапсырманы орындауды ұсынады. Шамаларға амалдар қолдануға бағытталған.</p>	<p>4см+ 3см = 7см 10см– 5см=15см 1дм+ 5дм = 6дм 9дм–3 дм=12дм</p>	<p>Оқушылардың жұмысы смайл беру арқылы бағаланады.</p>						
<p>Рефлексия 32-35</p>	<p>«+; – ; қызықты» әдісі. Оқушылардың жауабы келесі сабақтың міндеттерін қоюға септігін тигізеді.</p> <table border="1" data-bbox="422 772 973 862"> <tr> <td data-bbox="422 772 606 817">+</td> <td data-bbox="606 772 790 817">–</td> <td data-bbox="790 772 973 817">қызықт</td> </tr> <tr> <td data-bbox="422 817 606 862"></td> <td data-bbox="606 817 790 862"></td> <td data-bbox="790 817 973 862"></td> </tr> </table>	+	–	қызықт				<p>Оқушылар бір жағында(+) белгісі бар, қандай сұрақтарға жауап алғанын жазады, келесі бетінде(–) белгісі, қандай сұрақтарға жауап алмағанын және қызықты болған мәліметтерді жазады.</p>	
+	–	қызықт							

Латын графикасының маңыздылығы

АБДРАХМАНОВА ЖИБЕК ТОЛЕПБЕРГЕНОВНА

*Шахтинск қаласы №6 жалпы білім беру
мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі*

Адам баласы ежелден-ақ жазу мен сызуға әуестенгені әмбеге аян. Себебі осыдан бірнеше мыңжылдықтар бұрынғы Адам ата ұрпақтарының тау мен тасқа қашап салған суреттері осының айғағы. Тасқа қашап салынған жүгірген аң мен ұшқан құстың бейнесі де адам баласының ой-санасының ежелден-ақ дамығанын көрсетеді.

Демек қазақ халқының да жазу-сызуға әуестігін ежелгі руна, арша, көне араб, көне армян сынды жазулардың пайда болуымен байланыстыруға болады. Адамзаттың сана-сезімінің дамуы арқылы оның жазуы да дамып, көркейіп отырды. Бүгінгі күнге жеткен әр алуан әліпбилер осының айғағы.

Қазақ халқы қолданған әрбір жазу түрлерінің қазақ тарихында өз орны бар. Себебі көне руна жазуы арқылы Тоныкөк, Білге қаған сынды батырлардың ерліктері жайында деректерді меңгерсек, көне араб, сондай-ақ Ахмет Байтұрсыновтың көне араб графикасына негіздеп жасаған төте жазуы арқылы да біршама мағлұматтарға қол жеткіздік. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» - деген екен А.Байтұрсынұлы.

Демек Байтұрсынұлының жасаған графикасы да ел мәдениетінің дамуында өзіндік қолтаңбасын қалдыра білді. Мәселен қазақ даласында жарық көрген қаншама оқулықтар, мерзімді баспасөз беттері, кітаптар мен ғылыми еңбектер осы төте жазу арқылы жазылды.

Ал күні бүгінге дейін қолданып келе жатқан кирилл графикасының да қазақ тарихында алар орны ерекше, себебі осы жазу арқылы тәуелсіздігімізді танып, ата-бабамыздың аманаттап кеткен ұлан-ғайыр өлкесінің тарихын меңгердік. Сол себептен әр жазудың біз үшін маңызы орасан зор.

Ал бүгінгі күнгі тағы бір көкейкесіті мәселе ол – қазақ тарихындағы тағы бір тарихи жағдай қазақ жазуының латын графикасына көшуі. Осы орайда Елбасымыз: « ... қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» дейді.

Мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін және болашақта барлық саладағы іс-қағаздар мен оқулықтар да осы қаріппен жазылуы тиіс екенін қадап айтты.

Сондай-ақ, Үкіметке қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауды тапсырып, уақыт ұттырмай бұл жұмысты қазірден бастан қолға алу қажеттігін атап өтті.

Демек, көп кешікпей егемен еліміздің латын әліпбиіне көшетіні айқындалды. Ал осы межелі мақсатқа кедергісіз қол жеткізу үшін не істеу керек? Осы мақсатта еліміздің түкпір-түкпірінде ғылыми конференциялар, жиындар мен басқосулар, насихат жұмыстары қарқынды жүргізіліп келеді. Бұл мәселе осыдан 5 жыл бұрын көтерілген еді. Содан бері санамызда «ерте ме, кеш пе, еліміз латын әліпбиіне көшеді, соған дайындала беруіміз керек» деген салмақты ой сақталып келді. Бүгін сол үкілі үміт сәулесінің куәсі болып отырмыз. Бұл жазу - елдігіміз бен егемендігімізді айқындайтын, халықтың сауаттылығын танытатын көрсеткіш деп білемін.

Біз ендігі кезекте осы мақсатқа жету үшін не істеу керектігін ойлануымыз қажет. Себебі, латын жазуына көшеміз деп айта салу оңай, ал оны жүзеге асыру үшін үлкен шараларды қолға алуымыз қажет. Ол үшін не істеу керек десек, біріншіден, латын графикасына өтудің оңы мен солын саралап алғанымыз жөн. Соған талдау жасап, мәтіннің оқу әуезін, әдісін, заңдылығын меңгеріп алуымыз керек. Екіншіден, кейбіреулер компьютердің көмегімен барлық дүниені латын әліпбиіне көшіре салуға болатынын айтады.

Менің ойымша, бұлай жеңіл жол іздеген дұрыс емес. Мазмұнды оқулықтар мен әдебиеттің барлығын 100 пайыз сауатты етіп аударып шығу қажет. Өйткені, кезінде араб әрпінде жазылған небір әдебиеттер әлі күнге дейін шаң басып жатыр. Себебі, біз оларды оқи алмай, қиналдық. Ал латын әліпбиіне көшетін болсақ, кешегі, бүгінгі рухани дүниелеріміздің бәрін сауатты қалпында аударып алсақ, кейінгі буын трагедияға ұшырамайды. Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу үшін емле ережесінің сақталуына баса мән берген жөн.

Яғни, бірізділік, ортақ қағида болуы шарт. Өйткені, латын графикасында жазғанның жөні осы деп әркім өз білгенімен әр түрлі таңбаны қоя берсе, мұның соңы сауатсыздыққа әкеліп соғады. Осының алдын алу қажет. Төртіншіден, балабақшаларда, мектептерде, жалпы оқу үрдісінде латын әріптерін жазуды үйрететін пән - каллиграфия (жазу өнері) деген сабақты енгізу қажет.

Мұны тез арада қолға алған жөн. Ал осылардың ішіндегі ең маңыздысы, әрине латын қарпін сауатты жазатын, оқитын мұғалімдер дайындау қажет. Осы бағыттағы жұмыстардың бәрін тез арада тиянақты атқара білсек, ұтарымыз мол болмақ.

Тарихқа көз жүгіртсек, біз 3 әліпбиді ауыстырыппыз. Сол кезеңде бүгінгідегідей газет-журнал, компьютер, тың технология деген болған жоқ. Соған қарамастан, халық басына түскен барлық қиындықты еңсере білді.

Тіпті, айшылық алыс жерлерге атпен барып, сауатын ашып жүргендер болды. Ал бүгінде ғылым мен техниканың дамыған заманында мұндай қиындықтардың айналып өтері анық.

Тәуелсіз мемлекетіміз жылдан-жылға өсіп-өркендеп, отандық ғылым-білім саласы дамып келеді. Осындай тамаша кезеңде латын әліпбиіне көшсек, ешқандай қиындық туындамайды. Қуантарлығы, бүгінде бастауыш сыныптарда оқитын балаларымыз ағылшынша үйренуде. Білім қуған жастар шет тілдерін меңгеріп, шетелдерде білім алуда.

Осы тұрғыдан алғанда латын әліпбиіне көшуден қорқудың еш негізі жоқ. Бұл қадамға бару болашақ үшін маңызды. Себебі, бүгінде крииллицаның аясы өзінен-өзі тарылып келеді. Оның орнын ағылшын тілі басуда. Өйткені, ол өзінің қажеттілігін мойындата білді. Сол сияқты латын әліпбиінің де болашағы зор болатынына ешкім күмән келтіре алмасы анық.

Бүгінгі таңда крииллица жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланады екен. Ал қалған мемлекеттердің көбі латын әліпбиін қолданады. Демек, бұл кең таралған жазу. Қарапайым ғана мысал келтірер болсақ, қазір ұялы телефонда латын қарпінде жазу оңай, ал кириллицада қазақша тере алмай қиналып жатамыз. Себебі, латын әліпбиінің базасы қалыптасқан әрі ауқымы кең.

Өкінішке қарай, латын әліпбиінің қазақ тарихындағы ғұмыры ұзақ болған жоқ. Десе де, он шақты жылдың ішінде бұл жазу сол уақыттағы қазақ тілінің құлдырауын біршама тоқтатты. Себебі, латын әліпбиінің басым бөлігі фонетикаға негізделді, яғни, сөздің таза айтылуын сақтап қалды.

Түркі дүниесіне ортақ заңдылықты сақтады. Біз енді сол үрдісті жалғастырып, заманға сай лайықтап, бейімдеп, ары қарай дамуына ықпал етуіміз қажет. Бұл ретте ескеретін бір жайт, бүкіл түркі әлемі 34 таңба пайдаланған екен. Біз осы нұсқаны аламыз ба, әлде 33 таңбаны қолданамыз ба? Осы жағын нақтылап алған жөн.

Латын графикасына көшудегі мәселеге байланысты қоғам пікірі екіге жарылатыны сөзсіз. Мұны қалыпты жағдай деп түсінуіміз керек. Бірақ бұл ретте орыс тілінің факторын мүлдем жоғалтып аламыз деген ой болмауы тиіс. Крииллица да керек. Өйткені, Қазақстанның Ресеймен экономикалық байланысы 65 пайызды құрайды екен. Демек, біз бұл мемлекеттің оқу-жазуын да ұмытпағанымыз жөн.

Бір анығы, болашақта мемлекеттік мекемелердегі іс-қағаздардың барлығы латын әліпбиінде жүргізілетін болады. Осы мәселеге байланысты белгілі бір мемлекеттік бағдарлама түзілуі мүмкін. Сол кезде біз латын әліпбиіне байланысты нақты қандай жұмыстар атқарылатынын білеміз.

Ал әзірге психологиялық дайындықтан өтуіміз қажет. Ол үшін алдымен біртіндеп көрнекі ақпараттарды өзгертіп, халықтың көзін соған үйрете беруіміз керек. Мысалы, дүкен, дәріхана, сауда орталықтарының атауларын латын тілінде жазған жөн. Бұл жерде қарсылық болады, түрлі пікірлер айтылады. Одан қорықпағанымыз дұрыс.

Менің пайымдауымша, латын әліпбиіне көшудің 5 пайдасы бар:

1.Латын әліпбиі әлемдік өркениетке аяқ басуымызға септігін тигізеді. Қайталап айтамын, кириллица жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланады екен. Ал дүниежүзі халықтарының 80%-ы осы әліпбиге көшкен.

2.Осының есебінен басқа тілдерді үйренуге мүмкіндігіміз артады. Әрбір жаңа тіл – жаңа әлем. Оның үстіне, латын тілі – жаңа технология тілі, ғаламтор тілі.

3.1929-1940 жылдары латын әліпбиінде жаздық. Сол замандағы ұлы тұлғаларымыздың шығармалары мен қолжазбаларын келер ұрпақ қиындықсыз оқи алуы керек.

4.Бүгінде әлемнің әр түкпірінде 5 миллионға жуық қазақ тұрады. Оның 80 пайызы латын әліпбиін қолданады. Қандастарымызбен жақындасудың маңызы айтпаса да түсінікті.

5.Әліпби өзгерту төл сөздерімізді жазуда кеткен олқылықтарды жөнге келтіруге көмектесіп, қазақ сөздерінің дұрыс айтылуына ықпал етеді. Бүгінде латын әліпбиі сәнге айналып үлгерді десем, артық айтқандық емес. Әлеуметтік желілерде латын қаріптерімен жазатын жастар жетіп артылады.

Ал сөз соңында айтар ұсынысым да жоқ емес. Ұлт үшін маңызды өзекті мәселелердің оңды шешілуіне қосып отырған кәсіби білікті мамандардың пікірлері ескеріліп, латын қарпіндегі қазақ әліпбиін жасалу жолдарына қатысты өрбісе және басқа жоғарыда аталған елдердің тәжірибесіне қарап салыстыра отырып жасалса құба-құп болар еді.

Қазіргі уақытта ұялы телефондарда жарнамалар, хабарламалар латын әліпбиімен жазылуда. Сонымен қатар, интернет желісінде де латын әліпбиіне аударатын транскрипция орнатылған, бірақ орыс графикасында ғана жасалған, болашақта қазақ графикасында жасалады деген ойдамыз.

Латын әліпбиіне көшуде осындай бастапқы жұмыстар атқарылып отыр.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу - ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады.

Сөзімді ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлының мына сөздерімен қорытындылағым келеді: «Ел – бүгіншіл, ал менікі – ертең үшін».

№ Н00012 27.10.2021 ж

Новые подходы к преподаванию, обучению и оцениванию в условиях обновлённого содержания

БАЖАНОВА ЛЮБОВЬ ГЕННАДЬЕВНА

город Караганда КГУ ОШ №8 .Учитель математики

Одна из важных задач обновленной программы – «Научить - учиться», учиться на протяжении всей жизни, что будет способствовать развитию новой конкурентоспособной личности.

Сегодня школа динамично меняет свой облик. Это связано, прежде всего, с серьезными переменами в казахстанском образовании.

Перед учителем встает проблема: «Как учить в век информатизации?» Сейчас главная задача не просто дать детям знания, а научить их применять на практике. Кроме того, мы должны заинтересовать школьников самостоятельно добывать знания и искать информацию. Вот в чем смысл обновленного содержания образования.

Программа обновленного содержания образования направлена на совершенствование четырех навыков: слушание, говорение, чтение и письмо. Четыре навыка тесно связаны в учебном плане и сравнимы с «методом спирали». + Спиральная форма обучения предполагает, что повторное рассмотрение материала, который будет усложняться на протяжении всего школьного обучения, дает большее преимущество в развитии современного учащегося, нежели традиционные формы обучения.+ Немаловажная особенность обновленного содержания образования – это критериальное оценивание.

В новой программе уделяется много внимания формированию речевой культуры ученика. Обновленная программа способствует развитию дискурсивной компетенции. Одной из целей программы обновления содержания предмета «Русский язык» является социализация личности, т.е. воспитание граждан, способных эффективно взаимодействовать в различных сообществах. С этой целью необходимо на уроках развивать навыки общения, создавая стимулирующую и поддерживающую среду, в которой поощряется и ценится коммуникация в различной форме и где учащиеся уверенно выражают свое мнение.

В связи обозначенной выше актуальностью развития коммуникативных компетенций учащихся в педагогической практике учителя русского языка возможно использование коммуникативных методов обучения.

Итак, что требуется от учителя? Это умение:

- формулировать учебные цели для достижения результатов;
- строить учебный процесс по организации усвоения учебного материала;
- готовить учебные материалы в соответствии с учебными целями;
- использовать потенциал информационной среды для учебного процесса ;
- создавать условия для опережающего развития учащихся в и личностно-деятельностной направленности;
- создавать атмосферу психологического комфорта и поддержки;
- готовить учащихся к самообразованию, самоопределению и самореализации;
- оценивать текущие результаты, направленные на достижение поставленных целей.

Ученик должен обладать востребованными обществом качествами: креативность, мобильность, социальная ответственность, развитый интеллект, функциональная грамотность, коммуникативность, общаться на родном, государственном и иностранных языках, выражать толерантность в отношениях с окружающими его людьми, уметь обращаться с современной техникой и средствами коммуникации.

То есть изменения надо начинать с себя, не противиться, не критиковать, не отвергать, а принять как миссию по воссозданию нового, гармоничного мира, и объединившись, используя свой опыт, профессионализм, заняться построением обновленной системы образования, используя фундамент достижений, накопленных за многие столетия педагогической практики. В современном мире учителя уже не являются передающими знания, а направляют обучающихся в самостоятельном обретении их. А обучающиеся не являются носителями информации. Они знают способы приобретения знаний и умеют их успешно реализовывать. Уроки нового формата строятся на формировании самостоятельного исследования новых знаний. На таких уроках дается возможность саморегулироваться, самовыражаться. Уроки выстроены на формировании открытости обучающихся.

Цель современного урока - научить обучающихся добывать знания самостоятельно, а помогают в этом новые подходы в преподавании и обучении. Учителю необходимо создать образовательную среду, благодаря которой обучающиеся будут активно участвовать в учебном процессе, а не пассивно принимать информацию.

Я хочу поделиться с вами теми изюминками, которые использую в своей работе.

-Психологический настрой эффективно и динамично помогает мне начать урок, задать нужный ритм, обеспечить рабочий настрой и хорошую атмосферу в классе.

Можно необычно начать урок, используя музыкальную разминку «Потанцуем вместе»,

Стратегии «Волшебные руки», «Пожелания друг другу»

1. Начнём урок с добрых пожеланий друг другу.

В парах, стоя лицом друг к другу:

- Я желаю тебе сегодня добра! (рука на своей груди)
- Ты желаешь мне сегодня добра! (рука на груди соседа)
- Мы желаем друг другу добра! (обнимаемся)
- Если тебе будет трудно, (рука на груди соседа)
- Я тебе помогу! (рука на своей груди)

2. Современный урок в условиях обновления содержания не может обойтись без такого ингредиента, как определение темы урока.

Всем известно, что импульсом к познанию служит удивление. Удивить может чтение стихотворения учителем наизусть, интересная притча, необычный предмет, звук, явление, мини-спектакль.

3. Основной формой современного урока является групповая работа, где ребята раскрываются, показывают себя с другой стороны. Групповую работу я провожу при изучении новой темы и при закреплении изученного материала.

4. Применять умения в жизни одно из основных компонентов современного урока. Научить ориентироваться в непростом реальном мире можно, выполняя практические, жизненные задачи.

А. Описание картины с выделением действий, деталей, настроения. (например, картина «После дождя» сначала я провожу активизацию словаря, привлекая внимание учеников вопросами: что вы видите перед собой? Что вы слышите? Что вы ощущаете, глядя на картину) Ученики составляют описание картины с учетом всех факторов, влияющих на восприятие картины.

В. Ролевая игра. Учащиеся распределяют роли и озвучивают персонажей согласно темпераменту, характеру.

С. Стратегия «Мудрые совы». Один текст раздаю трем ученикам, но каждый к этому тексту получает свое задание. Первый ученик: прочитать текст, найти новые слова, словосочетания, термины. Второй ученик: выделить основную мысль тремя, двумя предложениями. Третий ученик: выдвигает один тезис от группы

Итак, мы начинаем говорить и писать на изучаемом языке благодаря именно усвоению. Для чего же нужно изучение? Оно инициирует появление «внутреннего редактора», который контролирует грамотность нашей речи. То есть благодаря изучению грамматических правил и выполнению упражнений мы учимся не просто изъясняться на втором, неродном языке, а грамотно формулировать предложения.

Данные приемы способствуют развитию логического мышления у обучающихся, самостоятельной деятельности и функциональной грамотности. 5. Еще один из наиболее важных ингредиентов современного урока – это оценивание.

На уроках новой формации обучающиеся учатся критическому мышлению, умению критически оценивать себя и свою работу, выполняя групповые, индивидуальные работы или работу в парах.

На своих уроках я провожу формативное оценивание при помощи разных видов:

- «Словесная оценка». Это устная обратная связь учителя и ученика, которая эффективна на любом этапе урока, «Две звезды, 1 пожелание». Этот вид работы способствовал видеть «минусы» и делать не только критические замечания, но и главное, что важно, в первую очередь, говорить о «плюсах» в работе. Можно проводить как устно, так и письменно, как коллективно, так и индивидуально.

В конце каждого урока обязательным этапом является рефлексия урока, я использую следующие стратегии:

«Выбери утверждение».

-Всё понял, могу помочь другим

-Всё понял

-Могу, но нужна помощь

-Ничего не понял

«Моё настроение похоже на:

Таким образом, знание обновленной программы, возрастных особенностей учеников, подходов к обучению, владение активными методами обучения, способами критериального оценивания позволило мне и моим коллегам умело сочетать задания по развитию всех навыков.

Ещё бы мне хотелось сказать об обратной связи. Для того чтобы родители были в курсе, как учатся их дети, я использую наклейки- смайлики, которые дети получают за активную работу на уроке, за правильно выполненное домашнее задание, в тетрадях пишу комментарии. Можно долго говорить о том, каким должен быть урок и как можно работать. Неоспоримо одно: он должен быть одушевлённым личностью учителя.

Использованные источники:

1. www.strategy2050.kz;

2. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы / www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo.

3. Обновленное содержание образования – веление времени. Анохина Е.Л.

4. Обновление образования. Вебер В.А.

5. Обновленная программа – новое содержание образования. Пиржанов А.З.

6. Образовательная программа курсов повышения квалификации педагогических кадров по предметам русский язык и литература в школах с казахским языком обучения в рамках обновления содержания среднего образования Республики Казахстан. Руководство для учителя. Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016.

МАЗМҰНЫ

- *МЕЙІРМАН ӘЛИЯ МАШЫРЫҚҚЫЗЫ*
- *БИСЕНГАЛИЕВА АЛИНА БИСЕНГАЛИЕВНА*
- *КУЛМАМБЕТОВА ЖАНАР ТЕМИРХАНОВНА*
- *ТАСУБАЕВА ТИЛЕКШИ МУРАТБЕКОВНА*
- *ИЗМУХАНОВА САЛТАНАТ ТАСТЕМИРОВНА*
- *КАДЕСОВА САЛТАНАТ АЛИМЖАНОВНА*
- *НУРОВА ГУЛМИРА НАГАШАЛИЕВНА*
- *ОЛЖАТАЕВА ГАУХАР ХАМЗИЕВНА*
- *АБДРАХМАНОВА ЖИБЕК ТОЛЕПБЕРГЕНОВНА*
- *БАЖАНОВА ЛЮБОВЬ ГЕННАДЬЕВНА*